

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

Instagram: saran_today, saran_gazeti

Facebook: sarangazeti

Website: sarangazeti.kz

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

» ВЕТЕРАНЫ - ГОРДОСТЬ САРАНИ

Организация ветеранов Сарани признана одной из лучших в области



17 февраля 2026 года в Доме Культуры города Сарань состоялась отчетно-выборная конференция РОО «Организация ветеранов» города Сарани за 2021 по 2025 годы.

Это особое мероприятие, поскольку наш Совет ветеранов — это одно из знаковых и активных общественных объединений, которое имеет особый авторитет в городе. В рамках мероприятия

прозвучали отчетный доклад за 5-летний период деятельности Председателя Совета ветеранов г. Сарани Ж. Токушевой, председателей комиссий при совете, в том числе тружеников тыла военных лет, председателей первичных организаций здравоохранения Т. Кучеренко и торговли Н. Порохненко.

Итоговое слово произнёс Председатель областного Совета ветеранов Г. Туяков. Почетный гражданин и ве-

теран города А. Хайруллина рассказала участникам мероприятия о проделанной работе, которую проводят члены Совета ветеранов, ведь наше городское общественное объединение — одно из активных в области.

С разъяснением по проекту Новой Конституции выступил депутат областного маслихата И. Жабяк.

О совместной деятельности акимата и маслихата с ветеранами проинформиро-

вали руководитель городской информационной разъяснительной группы, представитель Отдела внутренней политики Г.Туртбаева и депутат Саранского городского маслихата Ж. Жаяубаев.

По итогам голосования была дана всеми участниками конференции хорошая оценка работе Совета ветеранов за последние 5 лет. А также обновлен состав активы, Президиума и комиссий Совета ветеранов, срок пол-

номочий председателя Совета ветеранов г. Сарани Ж. Токушевой продлен еще на 5 лет. Председатель Областного Совета ветеранов, Г.Туяков отметил, что работа Совета ветеранов Сарани - одна из лучших по Карагандинской области.

На конференции присутствовали: Г. Туяков, председатель Областного Совета ветеранов, И.Жабяк, депутат областного маслихата, Ж.Жаяубаев, депутат городского маслихата, Г. Туртбаева, руководитель городской ИРГ, Л. Югай, начальник Саранского отделения ЦДВП, А.Сейтжанов, начальник отдела полиции г. Сарани, представитель отдела по делам обороны г. Сарани, В.Казимир, воин-интернационалист.

Наиболее активным ветеранам Саранского Совета ветеранов были вручены заслуженные Почетные грамоты, а также грамоты вручены спонсорам Совета ветеранов. Соб. инф.

» СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ

Пусть трагические истории не повторяются Память погибшим шахтерам...

Вас больше нет, вы в памяти остались... Живите в ней, она не предаст...

Торжественный митинг, посвященный памяти горняков, погибших в 1978 году при взрыве метана на шахте «Сокурская», прошел двадцатого февраля на городском кладбище у Мемориала шахтерам.

Эта скорбная дата осталась в памяти сотен саранских семей, которых затронуло большое горе. Более сорока восьми лет назад, двадцатого февраля не вернулись домой, как обычно со смены, семьдесят два шахтера – папы, мужья, сыновья, братья. Ничто не предвещало беды в этот солнечный ясный день, который и теперь, спустя столько лет, вспоминается, как один из самых страшных в семьях родных и близких погибших шахтеров.

С тех пор, ежегодно, в любую погоду, в этот зимний день возле Мемориала погибшим шахтерам собираются близкие и друзья, коллеги, представители угольной промышленности, общественности нашего города, чтобы почтить память традиционной минутой молчания и возложения живых цветов к подножию памятника. Как обычно, произносятся соболезнования родным, ведь, несмо-

тря на то, что прошло более четырех десятков лет, память о том страшном дне останется навсегда. И это хорошо, что горожане помнят своих земляков, которые отдали свои жизни во имя «черного золота».

Соболезнования родным и близким выразили Н. Баизбаев, председатель Совета ОО «Ветераны - шахтеры «УД»Кармет», Ю. Литвинов, помощник председателя отраслевого профсоюза угольщиков «Казуглепроф», Е. Пиксайкин - заместитель директора по административным вопросам шахты «Саранская», Т.Кучеренко, М.Гаджимагомедов, Е. Бурдукская, - ветераны труда, председатель Совета ветеранов-афганцев В.Казимир.

Почетный гражданин города Сарани, ветеран шахтерского труда Ж. Ашимов, открывший этот традиционный митинг, также подчеркнул, что таких страшных страниц истории в жизни нашего города, в работе угольной отрасли должно быть как можно меньше. В настоящее время новый инвестор «QARMET» совершенствует условия труда шахтеров, устанавливается новая современная техника, вкладывается все больше средств и принимаются необходимые меры по созданию безопасных условий труда



горняков угольной промышленности. И это замечательно, ведь труд шахтер – это одна самых сложных и востребованных профессий. Многие хотя и попадают на добычные участки, работать, обеспечивать свои семьи. Ведь таким видится будущее. Но эта профессия считается и одной из самых опасных.

Пусть память о наших, саранских горняках, настоящих героях, которые работали во имя процветания нашего го-

рода, региона, страны, останется с нами навсегда. Имена каждого высечены на Мемориале памяти погибшим шахтерам – короткие, но такие важные строки. И пусть в нашей жизни больше не повторяются скорбные события, которые мы переживаем вместе с земляками, горожанами. Такая беда всегда объединяет людей, но все же пусть их будет как можно меньше.

Б. МАЙПАСОВА

» ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ: ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қазақстан Республикасы

19 ақпан күні қала тұрғындарымен ашық диалог орнату мақсатында, Саран қаласының полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Асылбек Сейтжанов халық алдындағы есеп беру кездесуін өткізді.

Кездесу барысында полиция бөлімінің бастығы өткен жылы атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыспен күрес бағытында жүзеге асқан шараларды баяндады.

Оның айтуынша, 2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында бейнекамералардың көмегімен 28 қылмыс ашылып, 7 585 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Қауіп-қатері жоғары деп саналатын автожол учаскелерінде 100 жол белгісі орнатылды. Бес проекциялық жаяу жүргіншілер өткелі пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 2025 жылы №2, №4 учаскелік полиция пункттарында күрделі жөндеу жүргізілді. РТИ елдімекенінде №1

учаскелік полиция пункті ашылды. Мемлекеттік органдар мен белсенді азаматтармен бірлесе жасаған жұмыстар атап өтілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар әрі қарай да тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады. Атқарылған жұмыстар презентация арқылы қатысушылардың назарына ұсынылды.

Сөз соңына қарай, Саран қаласының полиция бөлімінің бастығы Асылбек Сейтжанов 2026 жылды Ішкі істер министрі «Балалар қауіпсіздігі және цифрландыру жылы» деп жариялағаны туралы мәлімдеді. Осыған байланысты қалалық полиция бөлімі 2026 жылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды күшейтпек.

Шараға қалалық мәслихаттың депутаты Жанбол Жаяубаев қатысып, полиция қызметкерлерінің еселі еңбегін атап өтті. Тұрғындар тарапынан да сұрақтар қойылып, оларға тиісті жауаптар берілді.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ

О надежности электроснабжения



Согласно плану работы на 2026 год, 19 февраля состоялось заседание Общественного совета. В рамках рассмотрения бюджетной программы «Освещение улиц в населённых пунктах» посёлка Актас и города Сарани были заслушаны отчеты акима посёлка Актас и руководителя отдела ЖКХ.

Отмечено, что финансирование программы предусмотрено на текущее содержание уличного освещения, ремонт электрических сетей, поэтапную замену и восстановление кабельных линий электроснабжения. Реализация данных мероприятий направлена на повышение устойчивости и надёжности системы электроснабжения.

Также сообщено, что в посёлке Актас и городе Сарани все дворовые территории освещены и об-

служиваются подрядными организациями.

В ходе заседания члены совета задали вопросы, касающиеся хозяйственных сетей, оплаты электроэнергии для сетей освещения, а также восстановления снесённых опор после дорожно-транспортных происшествий в судебном порядке. На все вопросы были даны исчерпывающие ответы.

Руководители отметили, что освоение бюджетных средств осуществляется в соответствии с фактически оказанными услугами по электроснабжению.

По итогам заседания советом даны рекомендации по усилению контроля за реализацией бюджетных программ, соблюдению финансовой дисциплины и обеспечению достижения целевых индикаторов программ развития города.

Соб. инф.

» МАҢЫЗДЫ

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау – тұрақты бақылауда

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау және олар бұзылған жағдайда қалпына келтіру Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті қызметінің негізгі басым бағыттарының бірі болып саналады. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар мемлекеттік аппараттың тиімді қызмет етуіне және қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің еңбекті және денсаулықты қорғауға, қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғалуға толық құқығы бар. Осы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Департамент тарапынан жүйелі түрде талдау және бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Атап айтқанда, 2025 жылы мемлекеттік қызметшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығу мәселесіне кешенді талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде бірқатар заңбұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды. Соның ішінде еңбек демалысына байланысты төлемдердің уақытында берілмеу фактілері тіркеліп, 146 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары толық көлемде қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту мәселесі де Департаменттің ерекше бақылауында. Жұмыс уақыты режиміне жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 2025 жылдың 12 айында 180 мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысқа тартылғаны анықталып, заңнама талаптарына сәйкес оларға тиісті тынығу сағаттары берілді.

Бұдан бөлек, тәртіптік жазаларды қолдану тәртібінің бұзылуына қатысты деректер де анықталды. Нәтижесінде жүргізілген бақылаудың қорытындысы бойынша 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, профилактикалық іс-шаралар мен жоспардан тыс бақылаулар жүргізу барысында 10 азаматтың және 5 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған бұл жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты бақылауда болып, заңдылықты қамтамасыз ету және алдын алу шаралары жүйелі түрде өз жалғасын табатын болады.

КАКБАРОВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

Қарағанды облысының кадрлық резерві: Өңірдің жаңа көшбасшылары

Өңірлік кадр резерві – еліміздің дамуына үлес қосатын, жаңа буын білікті басқарушыларды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық маңызы бар жоба. Алдағы уақытта да бұл бастама мемлекеттік кадр саясатын одан әрі жетілдіруге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға елеулі үлес қосады деп сенеміз.

Кадр резервіне қатысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында жоспарланған реформаларды тиімді іске асыру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігіне, жеке жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей тәуелді екенін ерекше атап өткен болатын.

Осы басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында 2024 жылы Қарағанды облысында алғаш рет Өңірлік кадр резервін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілді.

Іріктеу қорытындысы бойынша 25 үміткер Қарағанды облысының өңірлік кадр резервіне қабылданды. Бүгінгі таңда олардың 50 %, тиісті орта буындағы басшылық лауазымдарға тағайындалып, экономика, жер қатынастары, тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және сәулет секілді әртүрлі салаларда еңбек етуде.

Сонымен қатар, өзге резервшілерге әртүрлі бос лауазымдар ұсыну жұмыстары жалғасын табуда.

Өңірлік кадр резерві – мемлекеттік қызмет саласында кезең-кезеңімен кәсіби табысқа жетудің жүйелі әрі тиімді тетігі. Бұл жол қызметтік сатылардың барлығынан өтіп, тәжірибе жинақтауға, басқару үдерістерін терең меңгеруге және кәсіби тұрғыда шыңдалуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік басқару жүйесінің қыр-сырын жан-жақты түсіну үшін осындай сатымен даму аса маңызды.

Осыған орай, резерві арқылы кезең-кезеңімен өсу – тек мансаптық жетістікке жету ғана емес, сонымен қатар кәсіби кемелденудің сенімді кепілі. Бұдан бөлек, резерв аясында өзге мемлекеттік органдардағы тең деңгейдегі (горизонталь) лауазымдарға ауысу арқылы жаңа тәжірибе жинап, болашақта кәсіби өсуге жол ашылады.

Ж.СӘРСЕН,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы

«Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

«О проверке включения в список граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме»

Гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, имеет право участвовать в республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года.

Списки составляются акиматами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. При отсутствии постоянной регистрации Вы вправе зарегистрироваться в качестве голосующего в соответствующем местном исполнительном органе с момента назначения референдума. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов и их границы публикуются в средствах массовой информации.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Важно голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

» РЕФЕРЕНДУМ 2026

Важно выбор каждого!

Приближается ответственное для казахстанцев событие – референдум по принятию новой Конституции Республики Казахстан. Об этом мы беседуем с председателем комиссии референдума города Сарани АЗАМАТОМ АБИЛЬДИНЫМ:

- Азамат Азатович, какова главная задача комиссии референдума нашего города?

- Одна из главных задач комиссии референдума города Сарани, как государственного выборного органа, заключается в организации и проведении республиканских референдумов.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан К.Токаева «О проведении 15 марта 2026 года республиканского референдума» Центральной комиссией референдума утверждён календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению референдума, где определены основные этапы предстоящей компании.

Работа комиссии референдума проходит в соответствии с Календарным планом.

- Сколько у нас избирательных участков референдума?

- Город разделён на 20 избирательных участков, из них 2 – закрытых.

15 расположены в городе Сарани, 5 – в поселке Актас. В состав участковых комиссий референдума входит 148 человек. 95% из них имеют опыт в работе комиссий.

Хотелось бы обратить внимание читателей, что по решению областной избирательной комиссии изменилась нумерация избирательных участков.

Согласно решению акима г. Сарани внесены изменения в границы одного избирательного участка. Так, центр избирательного участка № 250 перенесён с шахты «Саранская» в общеобразовательную школу № 2.

Участки референдума оснащены необходимым оборудованием и мебелью (компьютеры, телефоны, интернет, сейф) в соответствии с Постановлением ЦИК об оснащении



избирательных участков.

- Какие условия созданы для голосования гражданам с инвалидностью?

- Большое внимание уделяется жителям города с инвалидностью. На всех избирательных участках для них обеспечена доступность (все участки имеют пандусы или подъемные механизмы, ширмы, компьютеры, наушники, лупы).

Всего граждан с инвалидностью – 243. При необходимости они будут обеспечены инвентарем и могут воспользоваться услугами сурдопереводчиков. Все участки оснащены тактильными указателями. В городе Сарани и поселке Актас 6 человек владеют шрифтом Брайля, в день голосования они смогут воспользоваться специальными трафаретами, изготовленными на этом языке.

- Как организована учеба членов комиссии референдума?

Городской комиссией на систематической основе в соответствии с каскадным методом проводится обучение членов участковых комиссий референдума. Два раза в неделю встречаемся с председателями и секретарями УКР, где проводим их обучение. До 12 марта все члены комиссий пройдут тестирование на знание выборного законодательства. Готовятся совещания с представителями общественных объединений города, представителями прессы, работниками правоохранительных органов.

- Как формируются списки граждан и кто имеет право участво-

вать в референдуме?

В референдуме имеют право участвовать граждане республики, достигшие 18-го возраста, вне зависимости от происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам. Не имеют права

участвовать граждане, признанные судом недееспособными, а также содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда.

Списки избирателей по каждому избирательному участку формируются местными исполнительными органами на основе государственной базы данных физических лиц. Работа по их актуализации ведется систематически.

22 февраля списки граждан, имеющих право участвовать в референдуме, были уже переданы в участковые комиссии и с 27 февраля комиссии представляют их для ознакомления гражданам. Каждый житель города может себя проверить в списках избирателей.

На 13 участках созданы онлайн-сервисы проверки сведений по месту регистрации граждан в случае не включения их в списки участников референдума на портале «электронного правительства».

- Как работает комиссия референдума?

Участки для голосования своевременно оснащены вывесками и календарями и открыты в срок. Участки работают с 9.00 до 18.00 ежедневно без перерыва на обед.

Призываю всех избирателей города Сарани принять активное участие в голосовании 15 марта, ведь предстоящая конституционная реформа - это важный путь развития страны. Важно голос каждого из нас!

Беседовала Б. МАЙПАСОВА

» БІЛІМ

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Таяуда қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшесі, саясаттанушы, қоғам белсендісі Серік Мустафин Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесті.

Кездесу барысында 10-сынып оқушылары Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабынан алынған үзінді бойынша диктант жазып, білімдерін сынады. Себебі, бастапқыда балалар қандай туынды негізінде диктант жазып отырғандарын білмеген. Тек кейін диктанттан соң ғана, Серік Мустафин балаларға үш сауал қойып, автор мен кітап атауын, басты кейіпкер мен шығарманың рухани бағытын анықтауды тапсырған. Шараға білім алушылар белсене қатысып, мәтіннің мазмұнына қарай өз ойларын ортаға салды.

Содан соң, даңқты қолбасшы, қазақ жауынгері әрі жазушысы Бауыржан Момышұлы жазған автобиографиялық шығарма үш бағытта талқыланды. Соғысқа дейінгі уақыты мен соғыстан кейінгі жылдары және жаңа кезең бойынша ой-пікір айтылды. 2025 жылдың 25 желтоқсанында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Бауыржан Момышұлына ресми түрде «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Кездесу соңында, Серік Мустафин қатысушыларға хакім Абайдың қара сөздері жазылған кітаптарды сыйға тартты.

Өз тілшімізден



» МЕРЕЙТОЙ

65 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХ:

Биыл Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығы үшін ерекше жыл. Себебі, ұлттың жаны, рухтың шамшырағына айналған орда 65 жылдық мерейтойын атап өтпек.

1950 жылы құрылған Ақтас кенті бірте-бірте қарқынды дами бастады. 1955 жылға қарай мұндағы мәдени өмір күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Бізге берген мәліметке сүйенсек, сол уақыттарда жұмысшылар мен жастар үшін №1–2 кірпіш зауытының клубтары және Саран шахта құрылыс басқармасының клубы жұмыс істеген. 1955 жылы маңызды шешім қабылданып, жаңа мәдениет ошағының құрылысы басталды.

1961 жылы дәстүр мен өнердің мекеніне айналған мәдениет сарайы үлкенге де, кішіге де құшағын кең жайып, есігін айқара ашты. Ең алғашқы директоры – Татьяна Баклушина болса, одан кейінгі жылдарда А.А. Петухова, В.Е. Гайдук, С.И. Корниенко, Л.Р. Пашко, М.С. Сорокин, Алешкова Татьяна Викторовна басқарды. Бүгін директорлық қызметте – Майра Оразгазыновна Құлджабаева.

1990 жылдардың соңында мәдениет ошағы қиын кезеңдерді басынан өткерді. «Ақырын жүріп, анық бас – еңбегің кетпес далаға» демекші, мәдениет сарайының жұмысы байыппен әрі жүйелі түрде ілгерілеп жатты. 1999 жылы атауы «Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығы» КМҚК болып өзгертіліп, 2000 жылдары директорлық қызметке Михаил Степанович Сорокин тағайындалды. Ол күрделі уақыттан алып шығып, материалдық-техникалық базаны нығайта түсті. Әрі мәдениет үйіне жаңа леп сыйлады.

Өнер бар жерде – өмір бар. 65 жылда – орталық айрықша түрленді. Оның өнерлі өнерпаздар қатары артып, бүгінгі таңда халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі байқауларда ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр. Мұның бәрі – еселі еңбектің нәтижесі.

Бұрын көркемдік жетекші болып қызмет еткен, бүгінде құрметті зейнет демалысында болса да өнерді жан тәнімен сүйетін Бахыт Тажина мәдениет ошағын тек ең ізгі, ең асыл сөздермен сипаттайды. Оның айтуы бойынша:

«Мәдениет саласында жұмыс істегенде жүрегің әрдайым рухани қанағат табады. Кент тұрғындары іс-шараларға қатысқанда бойымызды қуаныш сезімі кернейді. Олардың жылы күлкілері мен шынайы қошеметтері әрқашан шабыттандырады. Біздің мәдениет сарайын салған сәулетші Э.Меликов туралы ерекше айтқым келеді. Өйткені мәдениет сарайымыздың сәулеттік келбеті көздің жауын алады. Мүмкін, Қарағанды облысы бойынша баламасы да



жоқ шығар. Шетелден, Санкт-Петербург пен Мәскеуден келген қонақтарымыз мәдениет сарайымыздың сәулетін көргенде таңданысын жасыра алмайды.

Сондай-ақ, Сорокин Михаил Степанович жайлы да айтқым келеді. Ол біздің орталықтың дамуына зор үлес қосты. Оның келуімен көркемөнерпаздар ұжымдары-

үйірмесінде еңбек еткен жандардың бірі – Носкова Нина Владимировна халық аспаптар оркестрінің жетекшісі болды. Ол балаларды домбыра, балалайка, баянда және басқа да аспаптарда ойнауға үйретіп, олардың шығармашылық қабілетін дамытты. Кейін балалар бөлімін де қоса алып, жас өнерпаздарды тәрбиелеуді

ня» (қазіргі «Актасские зори») ардагерлер хоры өз қызметін бастады.

2002 жылы Рымтай Отарқызы Сейтқазинаның демеушілігімен «Ақ шаңырақ» қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын жаңғырту бойынша қоғамдық этномәдени бірлестігі, 2009 жылы Михаил Степановичтың қолдауымен «Якташлар» татар-башқұрт этномәдени бірлестігі ашылды. Сол жылы Саран қалалық мәслихатының депутаттарымен бірлесіп мәдени орталық ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Енді бірі білсе, бірі білмес, бұрын талай концерттік бағдарлама мен қойылым ұйымдастырылған киелі сахнаның төбесі ашылып, ашық аспан астындағы көріністі тамашалауға болған. Сонымен қатар, кино және театр өнерінің абызы Асанәлі Әшімов, атақты ресейлік театр мен кино актері Эммануил Виторган секілді тағы басқа танымал тұлғалармен кездесулер өткен.

Бүгінде Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығы шығармашылыққа серпін беретін 8 үйірме мен 24 әуесқой бірлестікті біріктіріп отыр. Мұнда драма, қазақ және орыс тілдеріндегі вокал бағыттары, «Актасские зори» хоры, домбыра үйірмесі және ең үлкен шығармашылық ұжым – «Томирис» би ансамблі жемісті еңбек етуде. Мәдениет ошағының директоры Майра Құлджабаеваның айтуы бойынша, заманауи мәдени-сауық орталығының басты мақсаты – тек концерттер ұйымдастырумен шектелу емес, жан-жақты дамыған, көпфункционалды рухани-әлеуметтік кеңістікке айналу. Қазіргі негізгі бағыты – әрбір тұрғынға өзіне қызықты іс таба алатын қолайлы орта қалыптастыру. Онда жаңа таланттарды ашуға мүмкіндік беретін, кент тұрғындарын біріктіретін рухани мекен ретінде іс-шаралар халықтың барлық жас ерекшеліктерін қамти отырып, жүйелі түрде өткізіледі. Мемлекеттік және ұлттық мерекелер, жобалар мен байқаулар, әлеуметтік және қайырымдылық шаралар, ұлттық-мәдени орталықтардың жобалары, сондай-ақ демалыс және спорттық бағыттағы іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Бұл іс-шаралардың барлығы кент өмірін жандандырып, мазмұнын байытуға елеулі үлес қосуда.

– Мәдениет ошағында 65 жылдық ішінде көптеген өзгерістер орын алды. Күрделі жөндеуден өтті, қосымша бөлмелер қосылды. Қосымша өнерпаз ұжымдары ашылды. Әрбір ұжымға сахна киімдері тігілді, музыкалық аспаптар сатып алынды. Сонымен қатар, биыл мерейлі мерейтойға орай керемет, үлкен концерттік бағдарлама жоспарлап отырмыз. Әрі ансамбльдер арасында аймақтық хореография байқауын ұйымдастырғымыз келеді. Атап өтпе-



ның жұмысы жанданып, шығармашылық қызмет қарқынды түрде қолға алынды».

Ширек ғасыр бұрын Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығында кинематография бағыты дамыған. Ол уақытта сұраныста ие болып, келушілердің санында шек болмады. Тіпті, орталықта Анатолий Ильиннің жетекшілігімен цирк үйірмесі жұмыс істеген. Дандерфер Людмила, Бугунбаева Майраның бастамасымен «Детство» ансамблі құрылды. 1969 жылы мәдениет саласындағы көркемөнерпаздар

жалғастырды. Бірнеше жылдан соң, Нина Владимировна Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығына директордың орынбасары болып тағайындалды. Өз естелігінде ол бір кездері мәдениет ошағының қабырғасында АХАЖ бөлімінің салтанатты іс-шаралары өткізіліп, жас отбасылардың ең бақытты сәттеріне куә болғанын ерекше ықыласпен еске алады.

Ал 2001 жылдан бастап Валентина Акимовна Зоринаның жетекшілігімен балалар фольклорлық тобы мен «Русская пес-



ЖЕТИСТІК ПЕН ЖАНҒЫРУ ЖОЛЫ



ске болмайды, осы жылы шығармашылық ұжымдарымыздың бірі – «Актасские зори» ардагерлер хорына – 25 жыл болмақ. Қазір хорымыз республикалық байқауға қызу дайындық үстінде. Биыл «халық хоры» атағын алсақ нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар «Томирис» би ансамблі «Үлгілі би ансамблі» мәртебесін алу үшін көп еңбек етуде. Бұл енді, әзірге осы жылға қойған мақсатымыз. Әлбетте, одан бөлек, өзіміздің дәстүрлі іс-шараларымызды, жоспарға сай мерекелік бағдарламаларды өткізетін боламыз, - деді Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының директоры Майра Кульджабаева.

Уақыт бір жерде тоқтап тұрмайды. Қазірдің өзінде өнер ұжымының жеткен жетістігі ұшан-теңіз. Заман ағымына сай өзгеріп, дүлдүл жарыстардан топ жарып жүр. Жыл сайын үлкен мақсат қойып, биік белестерді бағындыруда алдарына жан салмайды. 2025 жылды алғанның өзінде «Қарлығаш» әуесқой бірлестігінің мүшесі Қайыржан Нұрсұлтан «Әлиппе» татар халық әнін орындап, облыстық фестивальдің дипломанты атанды. Сол бірлестіктің қатысушысы Қаштаева Ұлту «Алтын микрофон – 2025» XXI халықаралық вокалистер байқауының жүлдегері болды. «Томирис» би ансамблі «Танцуй! Новогодний сезон» атты республикалық би марафонына қатысып, нәтижесінде үлкен тобы гран-при жүлдесін иеленсе, кіші тобы I орын алды. Сондай-ақ, «Томирис» би ансамблінің кіші тобы «Шабыт – 2025» шығармашылық фестиваль-байқауында I орынмен марапатталды.

Сонымен қатар, орталықта әрдайым атадан-балаға жалғасып келе жатқан салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптардың сақталуына ерекше зерделілікпен көңіл бөлініп келеді. Мәселен, 2025 жылы «Ақ шаңырақ» қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрыптарын жаңғырту жөніндегі қоғамдық этномәдени бірлестігі ұлы ақын, ағартушы, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Әнді сүйсең, менше сүй» байқауының жеңімпазы атанды. Халық арасындағы әуесқой әншілердің өнерін елімізге танытқан, «КТК» телеарнасында көрсетілген ауқымды «Кел, шырақайық!» жобасында «Ақ шаңырақ» қазақ халқының әдеп-ғұрып салт-дәстүрін жандандыру этномәдени қоғамдық бірлестігінің «Ақ жеке, аталар» вокал тобының құрамынан құралған «Шамшырақ» фольклорлық ансамблі I-орынды иеленді.

- Осы 65 жылдың арасында Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығында өте көп буын тәрбиеленді. Қазіргі уақытта 9 көркемөнерпаз ұжымында шамамен 203 адам бар. Бүгінде жастардың өнерге деген көзқарасы бұрынғыдан өзгереді, бірақ олардың ынтасы өте жоғары деп санаймын. Жастар – біздің ең талапшыл әрі ең

талантты көрерменіміз бен қатысушымыз. Олардың жаңашылдыққа құштарлығы бізді де үнемі дамуға, ізденуге мәжбүрлейді. Жастар бар жерде – өнердің болашағы жарқын деп ойлаймын, - деді Майра Кульджабаева.

Уақыт өткен сайын талғам өзгерсе де, халықтың шынайы өнерге, жанды дауысқа және мәдениетке деген махаббаты шексіз.

Бүгінде орталық тұрғындарды қызықтыру мақсатында іс-шараларды заманауи дизайнмен және креативті видео-анонстар арқылы ұйымдастырады. «Instagram», «TikTok» және «YouTube» платформаларында онлайн-концерттер,

динская.

«Жұлдыз» вокалдық тобында барлық сабақтар тегін өткізіледі. Онда балалар тек ән айтып қана қоймай, музыкалық аспаптармен сүйемелдеп ойнауды да үйренеді. Жетекшілері И. М. Лебединская 2024 жылы Астана қаласында өткен «MEGA» республикалық байқауда I-орынмен марапатталған. Ал балалар болса 2023, 2025 жылдары Қарағанды қаласында болған «Новые имена» облыстық байқаудың, 2024 жылы «Еркетай» облыстық балалар конкурсының, 2023 жылғы облыстық патриоттық ән байқауының жүлдегері. Сондай-ақ республикалық және халықаралық деңгейдегі байқаулардан да бақтарын сынаған.



челленджерлер мен тікелей эфирлер жиі өткізіледі. Бұл тәсілдер орталықтың дамуында жаңа, заманауи бағыттарды көрсетеді. Сонымен қатар, шығармашылық ұжымның тәрбиеленушілері елдің түкпір-түкпірінде еселі еңбек етуде. Тіпті, бұрын қонақ ретінде келген жандар бүгінде мәдениет ошағының өркендеуіне атсалысып, қызмет етіп, жас ұрпақ тәрбиелеп отыр.

- Менің шығармашылық өмірім осы жерден басталды. Бала кезімде кинофильм көру үшін осында баратынмын. Сол кезде бірнеше жылдан кейін «Жұлдыз» вокалдық тобының жетекшісі болып қайта оралатынымды білмедім. «Жұлдыз» вокалдық тобы 2008 жылы құрылды. Вокалдық топпен қатар фольклорлық топ та бар. Осы жылдар ішінде мұнда көптеген жас орындаушылардың таланты ашылып, олар сахнада өзін еркін ұстауды, музыканы терең сезінуді, дәстүрді құрметтеуді және өз өнерлерін мақтанышпен таныстыруды үйренді. Мен ұжым жетекшісі ретінде балалардың бойынан өзімді көремін – дәл сол толқу, дәл сол сахна алдындағы қобалжу. Балалардың толқуының сенімділікке ұласқанын, қобалжудың дауыс күшіне айналғанын, таланттың біртіндеп ашылып келе жатқанын көремін, - деді «Жұлдыз» вокалдық тобының жетекшісі И. М. Лебе-

Фольклорлық топтың балалары болса 2023 жылы «Ложечки» әнімен халықаралық вокалдық байқауда I дәрежелі дипломант атанса, 2025 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс қаһармандарына арналған видеоролик байқауында II дәрежелі марапатқа ие болып, естелік кубоктармен марапатталған.

«Жақсы адамның жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, соңғы жылдары Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының қызметкерлері елді мекендерді аралап, концерт беріп, бір жағынан қайырымдылық іс-шараларға белсене қатысып келеді. Ұжым мүшелерінің кең жүрегі, жомарттылығы мен ақ пейілі ешкімнің көңілін қалдырмайды. Әсем әндерімен, өнерімен көптің жүрегінен орын табады.

- 2011 жылы Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының директоры Алешкова Татьяна Викторовна мені «мәдени ұйымдастырушы» ретінде жұмысқа шақырды. Мен өзімді бар жүрегіммен жұмысқа арнадым. Маған көп нәрсе үйрену, жаңа дағдыларды игеру және тәжірибе жинау керек болды, бұл жолда маған әріптестерім Татьяна Викторовна Алешкова және Тажинина Бахыт Жумабековна көп көмектесті. Мәдени-сауық орталығының барлық шығармашылық топтарының жетекшілеріне ерекше алғыс айтамын. Олар

менің бастамаларымды әрқашан қолдады. Біздің ынтымақты командамыздың арқасында барлық іс-шаралар - концерттер, би кештері, байқаулар мен фестивальдер - жарқын, түрлі-түсті және жоғары деңгейде өтті. 2024 жылдың ақпан айынан бастап Ақтас мәдени-сауық орталығын Кульджабаева Майра Оразгазыновна басқарып келеді. Оның басшылығымен мекеме өткен жылдардағы ең жақсы дәстүрлерді сақтап, жаңа қызмет салаларын ашып, тұрақты түрде өсіп келеді. Нысанды нығайтуға, клубтық топтарды кеңейтуге, шығармашылық топтарды қолдауға және барлық жастағы тұрғындардың өзін-өзі тануы үшін жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінуде, - деп атап өтті Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының әдіскері Альфия Метхатовна.

Көненің көзі, асылдың сынығы болған арда азаматтар – бүгінгі буынға өнеге, ертеңге аманат. Рухани орданың өсіп-өркендеуіне еңбегі сіңгендердің есімі ешқашан ұмытылмайды. Жасаған еңбектері, айтқан сөздері әрдайым есте сақталмақ. Оған дәлел ретінде, 2025 жылы Саран қаласының Құрметті азаматы, «Ақ шаңырақ» қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қайта жандандыру этномәдени қоғамдық бірлестіктің ашылуына демеуші болған, аяулы ана, асыл әже Рымтай Отарқызы Сейтқазинаны еске алу мақсатында, туған күніне орай мәдениет ошағында естелік бұрышы ашылды. Шығармашылық ұжымдар мен бірлестіктер әрдайым бірлікті берік ұстап, бірін-бірі қолдап, әр жеңіске бірге қуана біледі. Бұл – жылдармен шыңдалған, баға жетпес асыл қасиеттердің бірі, өзіне тән ерекшелігі.

- Біздің ұжымның бірлігі мен рухын сақтап келе жатқан – өнерге деген шексіз махаббатымыз, бір-бірімізге деген сенімділік. Біз үлкен бір отбасымыз. Үнемі ізденіс үстіндеміз, әр маманның еңбегін бағалаймыз. Мен үшін бұл мәдениет ошағы – жай ғана жұмыс орны емес, бұл менің екінші үйім деп те айтуға болады. 2024 жылдан бастап осы мәдениет ошағының табалдырығын аттаған сәттен бері, бұл киелі шаңырақ менің тағдырыммен біте қайнасып кетті. Бұл жер – менің шабыт алатын, жан дүнием демалатын қасиетті мекенім. Болашақтың жаңа мүмкіндіктері тоғысқан киелі шаңырақ. Мұнда біз ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, жас ұрпақтың бойына өнер нәрін егеміз. Сондықтан бұл мекеменің әрбір жетістігі мен үшін үлкен мақтаныш. Мен үшін мәдениет орталығының болашағы – уақытпен бірге өзгеріп, үнемі жаңарып отыратын, бірақ өзінің басты құндылығы – адамға деген сүйіспеншілігі мен өнерге деген адалдығын жоғалтпайтын қасиетті шаңырақ. Біздің бүгінгі еңбегіміз – сол жарқын болашақтың іргетасы. Мен Ақтас мәдениет үйінің әрқашан жаңа жұлдыздарды жағатын, халықтың жүрегінен орын алатын мәңгілік рухани орда болатынына сенемін, - деді Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының директоры Майра Кульджабаева.

Мәдениет үйі – бұл тек ғимарат қана емес, елдің рухани жүрегі, халықтың өнері мен дәстүрін сақтайтын, жаңа таланттарды тәрбиелейтін, қауымдастықты біріктіретін киелі мекен. Жанға жылу сыйлай арқылы мұнда әрбір тұрғын өз талантын аша алады, ұлттық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпты ұлықтап, шығармашылық шеберлігін шындайды. Ұжымның еңбегі әрдайым елге рухани азық болып, тұрғындардың жан дүниесін байытады. Алдағы жылдары да Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының ұжымына зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Өнер мен мәдениеттің отын өшірмей, жаңа белестерге жете беріңіздер. Әрбір жаңа күн шығармашылық шабыт пен жемісті еңбектер әкелсін!

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА

» ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ МЫҚТЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Рухани мәдениет – ұлттың жан дүниесі, ішкі болмысы мен құндылықтар жүйесін айқындайтын маңызды ұғым. Ол тек өнер мен әдебиет шеңберінде ғана емес, адамның дүниетанымы, сенімі, адамгершілік қағидалары, салт-дәстүрі мен өмір сүру салты арқылы көрініс табады. Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі көбіне оның рухани деңгейіне байланысты. Сондықтан рухани мәдениет – мықты қоғам қалыптастырудың негізгі тіректерінің бірі.

Әр халықтың рухани мәдениеті оның тарихи тәжірибесімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Қазақ халқының рухани әлемі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиеті мен даналық сөздер арқылы қалыптасты. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы адамгершілік, білім, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді қоғам дамуының басты шарты ретінде қарастырды. Оның қара сөздері бүгінгі күнге дейін рухани бағдар қызметін атқарып келеді.

Сол сияқты Әл-Фараби еңбектерінде қайырымды қоғам ұғымын негіздеп, адам тәрбиесі мен ізгілік қағидаларын алға тартты. Бұл идеялар қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ. Ұлттық бірегейлікті сақтап, жаһандану жағдайында төл мәдениетті дамыту – рухани мәдениеттің басты міндеттерінің бірі.

Рухани мәдениет қоғамдағы таулық пен келісімді нығайтады. Адамдар ортақ құндылықтарды ұстанғанда, өзара сыйластық пен түсіністік артады. Иmandылық, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттер қоғамдық қатынастарды реттеп, әлеуметтік шиеленістердің алдын алады.

Мықты қоғам тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Егер адамдар арасында сенім

болмаса, заң мен тәртіпке құрмет төмен болса, қоғам әлсірейді. Ал рухани байлыққа негізделген ортада әр адам өзін қоғамның маңызды бөлігі ретінде сезінеді.

Қоғамның болашағы – жастардың қолында. Сондықтан жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Отбасындағы тәрбие, білім беру жүйесі, әдебиет пен өнер – барлығы жас буынның дүниетанымын қалыптастырады. Ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, білімге ұмтылатын, ел тағдырына бейжай қарамайтын азаматтар – мықты мемлекеттің негізі.

Рухани мәдениет жастарды тек білімді ғана емес, парасатты, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұл – ұзақ мерзімді дамудың кепілі.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы, мәдениеттердің араласуы жаңа мүмкіндіктермен қатар, рухани қауіптерді де алып келеді. Осындай кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи өркениетке бейімделу маңызды. Рухани мәдениет қоғамға бағыт-бағдар беріп, сыртқы ықпалдарға төтеп беретін ішкі беріктік қалыптастырады.

Рухани мәдениет – мықты қоғамның іргетасы. Ол ұлттық бірегейлікті сақтайды, қоғамдық келісімді нығайтады, жас ұрпақты тәрбиелейді және жаһандану жағдайында бағыт-бағдар береді. Экономикалық даму мен саяси тұрақтылықтың өзі рухани құндылықтармен ұштасқанда ғана баянды болмақ. Сондықтан рухани мәдениетті дамыту – әрбір азаматтың және тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Г. ХАНАФИНА,
«Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің бас маманы,
ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі

» ЗАКОН И ПОРЯДОК

ДЕНЬ ГРАЖДАНСКОЙ ОБОРОНЫ



Ежегодно 1 марта отмечается Всемирный день гражданской обороны, и Казахстан не исключение. Каждый год определяется тематика и девиз проведения этого праздника. В этом году всемирный день будет проходить под девизом: «Управление экологическими рисками для устойчивого и безопасного будущего».

Ежегодно в рамках всемирного праздника в течение марта проводятся объектовые тренировки, в образовательных учреждениях организуются общешкольные линейки, конкурсы, викторины. На классных часах рассматриваются различные вопросы по действиям в условиях чрезвычайной ситуации.

Так, в 1931 году по инициативе нескольких государств в Париже была основана «Ассоциация Женевских зон» – «зон безопасности», для создания посредством двусторонних и многосторонних соглашений локальных зон безопасности во всех странах. Впоследствии Ассоциация была преобразована в Международную организацию гражданской обороны (МОГО).

Всемирный день гражданской обороны, установленный в 1990 году, отмечается в странах – членах МОГО – с

целью привлечь внимание мировой общественности к значению гражданской защиты и повысить готовность населения к самозащите в случае бедствий или аварий, а также отдать дань уважения усилиям и самопожертвованию персонала служб гражданской защиты в их борьбе с бедствиями.

День 1 марта выбран не случайно. Именно в этот день вступил в силу Устав МОГО, который одобрили 18 государств.

Среди направлений деятельности МОГО следует выделить следующие: подготовка национальных кадров в области управления в период чрезвычайных ситуаций; оказание технической помощи государствам в создании и совершенствовании систем предупреждения чрезвычайных ситуаций и защиты населения; пропаганда опыта и знаний по гражданской обороне и вопросам управления в период чрезвычайных ситуаций.

МЧС Республики Казахстан вошло в Международную организацию гражданской обороны в 1997 году, и участвует во всех основных мероприятиях, проводимых этой организацией.

Л. АЛПЫСБАЕВА,
главный специалист
ОЧС г. Сарани

» СТОП, ТУБЕРКУЛЕЗ!

МЕСЯЧНИК ПОД ДЕВИЗОМ:

«БІЗ ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖЕҢЕ АЛАМЫЗ»,
«МЫ МОЖЕМ ПОБЕДИТЬ ТУБЕРКУЛЕЗ»,
«YES. WE CAN END TB»

С 24 февраля по 24 марта 2026 года проводится месячник под девизом: «Біз туберкулезді жеңе аламыз», «Мы можем победить туберкулез», «Yes. We Can End TB».

В рамках месячника, акцентируем внимание населения на важных мерах, о которых должен знать и которыми должен руководствоваться каждый житель нашего города:

При первых признаках заболевания

необходимо своевременно обратиться за медицинской помощью, что является залогом эффективного лечения!

При подозрении на туберкулез имеется доступ на уровне ПМСП к быстрому молекулярно-генетическим методам диагностики (ПЦР на туберкулез), которые в течение 2 часов определяют наличие возбудителя и устойчивость к препаратам!

Туберкулез излечим при своевременном выявлении и непрерывном

лечении!

Люди, переболевшие туберкулезом, могут учиться, работать, рожать здоровых детей и жить полноценной жизнью!

Вакцинация от туберкулеза является мерой защиты от тяжелых форм туберкулеза у детей раннего возраста!

Здоровый образ жизни, правильное питание (достаточное употребление в пищу мяса, молочных продуктов, овощей и фруктов), отсутствие вред-

ных привычек (алкоголь, наркотики, курение) снижают риски заболевания туберкулезом!

Целью Всемирного Дня борьбы с туберкулезом является активизация всего общества для направления усилий на достижение общей цели: спасение жизни настоящих и будущих поколений.

РГУ «Саранское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»



РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

УСЛУГИ

СТРОЙКА
СТРОИТЕЛЬСТВО И РЕМОНТ

- Дома с нуля, бани, беседки
- Хоз. блоки, веранды, пристройки
- Кровля крыш, металлочерепица
- Канализация, установка септиков
- Водоснабжение, отопление
- Фундамент, отмостки, сайдинг
- Заборы, ворота, калитки кованые
- Покраска и реставрация домов
- Реставрация и замена полов
- Туалет, ванная под ключ
- Внутренние работы любой сложности

БЫСТРО, КАЧЕСТВЕННО, НЕДОРОГО
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКА 15%
8-775-783-04-09, 8-708-520-95-10

УСЛУГИ

Круглосуточная няня у себя на дому. Имею опыт с детьми, ответственная, без вредных привычек. Квартира просторная, чистая. Много игрушек, как для игр, так и для развития. Гуляем в тёплое время до 2-х раз в день. Еда домашняя (никакой вредной еды). Телефон для связи: +7 705 325 9074.

УСЛУГИ

Строительно-отделочные работы всех видов.
Ремонт под ключ. Услуги сантехника, электрика.
Т.: +7-771-372-56-88 (WhatsApp Муратбек), +7-702-359-46-02.

ПРОДАЖА ИЛИ ОБМЕН

Продается 3-комнатная квартира в центре города.
Проспект Ленина, 2 этаж, солнечная сторона, не угловая. Вся необходимая мебель и техника остаются. Возможен обмен на 2-комнатную квартиру с вашей доплатой.
Цена договорная. Тел.: 8-700-157-01-02.

ПРОДАЖА

Продается 3-к кв., 3 этаж, с современной мебелью, техникой, с ремонтом. Район Стелы. Торг уместен.
Т.: 8-702-528-76-13.

УСЛУГИ

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

ЗДЕСЬ МОГЛА БЫТЬ ВАША РЕКЛАМА

+ 7778 207 10 06

Сарань | Букеты из атласных лент @_atlasnaya_lenta_saran

Ищете необычный и долговечный подарок? Букеты из атласных лент — это красота, которая не вянет и радует долгие годы

Подойдут для:

- дней рождения
- юбилеев
- свадеб
- Дня учителя
- и просто от души

Каждый букет выполнен вручную, с любовью и вниманием к деталям
г. Сарань Заказы и вопросы: 8 778 194 43 51
Порадуйте близких оригинальным подарком!

Товарищество с ограниченной ответственностью «Наш дом Сарань» БИН 250940009620, юридический адрес: Жамбыла 79/16, сообщает о принятом решении о ликвидации предприятия.

ХИМЧИСТКА

KARCHER

НА ДОМУ

- Мягкой мебели
- ковров
- матрасов

• Работаем БЕЗ ВЫХОДНЫХ
• Антибактериальная обработка
• Устранение запахов
• Гипоаллергенные средства
• Уничтожение пылевых клещей

8(707)220-28-99

СВЕЖЕСТЬ И ЧИСТОТА
ПЫЛЕВЫЕ КЛЕЩИ
БКТЕРИИ И ПЯТНА
НЕТ ПЫЛЕВЫХ КЛЕЩЕЙ

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED-ЭКРАНЕ в центре города

АНТИКОР

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба)

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ #ПАРАБЕРМЕ

АДАМ САТУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ КОНСУЛЬТАЦИЮ ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА!

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы города Сарани сообщают, что 19.02.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 31.08.2025 года Ксенафонтовой Светланы Ивановны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 28.02.2026 года.
Лицензия №16002610 от 11.02.2016 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 20.02.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 18.09.2025 года Мазур Алины Ивановны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 18.03.2026 года.
Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 20.02.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 12.02.2026 года Гебель Лилии Генриховны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 20.08.2026 года.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 25.02.2026 г. открылось наследственное дело после умершего 10.02.2026 года Евчук Андрея Николаевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 10.08.2026 года.
Лицензия № 14018231 от 05.12.2014 года Министерства юстиции РК

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует телефон доверия: 5-06-01 по профилактике суицида несовершеннолетних.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Саран қаласының ақсақалдар кеңесінің мүшесі, саясаттанушы, қоғам белсендісі Серік Хамзаұлы Мұстафинді 70 жас мерейтойымен құттықтаймыз! 70 жас – ғибратты ғұмырдың, мол тәжірибе мен енегелі өмірдің айғағы. Өмірдің кемелденген, парасат пен даналықтың биік белесі.

Білім беру саласына қосқан өлшеусіз үлесіңіз, жоғары кәсіби біліктілігіңіз бен зор жауапкершілігіңіз — ел игілігіне бағытталған қажырлы еңбектің жарқын көрінісі.

Сіздің тағылымды пайымыңыз бен тәлімді тәрбиеніз талай шәкірттің өміріне бағыт-бағдар берді. Бүгінде де жастармен мазмұнды кездесулер өткізіп, адамгершілік пен ізгілік қағидаларын насихаттап, рухани құндылықтарды дәріптеп келесіз.

Енегелі өмір жолыңыз – кейінгі буын үшін асыл қазына.

Осы қуанышты күнде сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз. Сан жылдарғы адал еңбегіңіздің жемісін көріп, абыройыңыз асқақтап, мәртебеңіз биіктей берсін. Еліміздің рухани өрі зияткерлік дамуына қосқан сүбелі үлесіңіз әрдайым лайықты бағаланып, мерейіңіз үстем болғай.

Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын!

Саран қаласының ақсақалдар кеңесі,
«Саран тынысы» ЖШС ұжымы

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Февраль. В нем уже чувствуется дыхание Весны. И ты понимаешь, насколько прекрасна эта жизнь во всех ее проявлениях. Поздравляем с юбилеем уважаемых ветеранов: Ларюшкину Милицу Александровну-85 лет, Бобневу Нину Николаевну-80 лет, Жалакову Антонину Абакановну-80 лет, Мустафина Серика Хамзиевича-70 лет.

Февральских именинников: Скрипко Евгению Ивановну, Бетке Валентину Ивановну, Меньшикову Людмилу Антоновну, Шункову Надежду Константиновну, Незнамова Алексея Ивановича, Рогожину Елизавету Александровну, Ярудову Валентину Ивановну, Вертоградскую Татьяну Георгиевну, Карпачеву Марию Ивановну, Елагину Татьяну Ивановну.

Всем здоровья, активной общественной деятельности и радости земного бытия.



Г. Тохметова,
руководитель ГУ «Отдел образования» г. Сарани

О. Свиргун,
председатель первичной организации ветеранов образования

А. Жамбеисова,
председатель профсоюза организаций образования «Білім»

» MEMLEKETTİK TİL SAJASATY

Қазақ тілі – мемлекеттік қызметтің негізі



Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Осындай кең байтақ елде түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүріп келеді. Солардың басын біріктіретін, ел тұтастығын сақтайтын басты құндылықтардың бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Сондықтан мемлекеттік қызмет саласында қазақ тілінің орны ерекше.

Мемлекеттік қызмет – халық пен биліктің арасын жалғайтын маңызды көпір. Ал осы көпірдің берік болуы – қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне тікелей байланысты. Қазақ тілінде еркін сөйлеп, іс жүргізе алатын маман – елге жақын, халыққа түсінікті қызметкер. Бұл өз кезегінде азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік мекемелерде құжат айналымын қазақ тілінде жүргізу – уақыт талабы. Ресми хаттар, бұйрықтар, анықтамалар мен есептер мемлекеттік тілде дайындалуы тиіс.

Бұл – заң талаптарын орындау ғана емес, елдің тілдік тәуелсіздігін нығайту жолындағы маңызды қадам.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкер – қоғамға үлгі. Егер қызметкер қазақ тілін құрметтеп, күнделікті жұмысында қолданса, бұл өзгелерге де оң әсер етеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек заңмен емес, нақты іс-әрекетпен жүзеге асады.

Қазақ тілін дамыту – бұл тек тіл мәселесі ғана емес, ол – ұлттық қауіпсіздік, ел бірлігі және болашақтың кепілі. Мемлекеттік қызметте қазақ тілінің кеңінен қолданылуы – тәуелсіздіктің тұғырының нығаюы.

Қазақ тілі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Әрбір мемлекеттік қызметкер мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, оны қызмет барысында белсенді қолданса, еліміздің болашағы жарқын, тіліміздің мәртебесі биік болмақ.

Ж. ДЖУМАШЕВА,
Саран қаласының полиция бөлімі



ЛИТЕРАТУРНАЯ ГОСТИНАЯ
28 февраля в 13:00
ПОЭТИЧЕСКИЕ КРУЖЕВА
Творческий вечер
«Созвездие городов»
Приглашаем всех любителей и ценителей поэзии разделить с нами радость прикосновения к миру искусства.
В программе стихи, музыка и видеоролики о городах, детстве, юности и становлении – о местах, где рождается вдохновение.
Место проведения: ДК г. Сарани

28 февраля в 13.00 ч в г. Сарани состоится знаменательное событие, посвященное 90-летию Карагандинской области.
Творческий вечер «Созвездие городов» обещает быть ярким, содержательным и достаточно креативным.
В нем примут участие поэты из г. Караганды, Темиртау, Шахтинска, Сарани. Мастера пера, начинающие поэты прочтут авторские стихи.
Будут продемонстрированы видео о городах их детства, юности, взросления.
Музыкальные номера привнесут в этот вечер особую атмосферу праздника и единения сердец.
Данная встреча станет своеобразным Гимном любви к родной земле, отчужденному дому.
Ждем всех любителей и ценителей поэзии. Разделите вместе с нами радость от встречи с высокой поэзией.

ХОТИТЕ СКАЗАТЬ «СПАСИБО», ПОЗДРАВИТЬ РОДНЫХ ИЛИ ПРОДАТЬ КВАРТИРУ?

ВЫ МОЖЕТЕ СДЕЛАТЬ ЭТО:

- НА СТРАНИЦАХ НАШЕЙ ГАЗЕТЫ
- В НАШЕМ INSTAGRAM ПРОФИЛЕ
- НА ГОРОДСКОМ LED-ЭКРАНЕ

ЧТО ДЛЯ ЭТОГО НУЖНО?

Просто напишите нам на WhatsApp или приходите в нашу редакцию - мы сделаем всё быстро, удобно и с душой.

+7-778-207-10-06

saran_today

Адрес редакции газеты: ул. Жамбыла, 69/1

*Услуги размещения объявлений платные



Саран газеті

Директор
ТОО «Саран тынысы»,
Х.Т. ДАИРОВА

Газета зарегистрирована в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.
Республиканское государственное учреждение «Комитет и информационный Министрства культуры и информации Республики Казахстан»
Свидетельство № КЗ827УР/0121461 от 05.06.2025 г. (номер и дата лицензий восстановлены на учет 10.02.2026 г. 6940-1)

Собственник:
ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции:
101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1
Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru

Выходит один раз в неделю, форматом А3 Тираж 710
Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Газета набрана и сверстана в редакции
Отпечатано в ТОО «Типография «Арко» 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15
Печать офсетная. Заказ № 9

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.